



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ресейлік ГЛОНАСС ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесін пайдалану және дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі N 862 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласында 2008 жылғы 22 мамырда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ресейлік ГЛОНАСС ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесін пайдалану және дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы ресейлік
ГЛОНАСС ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесін
пайдалану және дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2014 жылғы 20 тамызда құшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 5, 42-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының игілігіне ресейлік ГЛОНАСС ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесін (бұдан әрі - ГЛОНАСС жүйесі) пайдалана отырып, спутниктік навигацияны пайдалану және дамыту әрі спутниктік навигациялық технологияларды практикалық қолдану саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге өзара ұмтылысты ескере отырып,

төмендегі туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"ГЛОНАСС жүйесінің стандарттық дәлдік дабылығы" - тиісті дабылдарға арналған интерфейстік бақылау құжаттарында белгіленгендей L-диапазонының (L1, L2 және L3)

3 ішкі диапазондарында және ГЛОНАСС жүйесінің навигациялық дабылдарының барлық тұтынушыларына қолжетімді кез келген басқа болашақ кіші диапазондарда тұтынушының орналасқан жерінің 3 координатын, жылдамдық векторының 3 құрастырушысы мен уақыттық шәкілдің орнын ГЛОНАСС жүйелік уақытына және Ресей Федерациясының UTC (SU) ұлттық уақыт шәкіліне қатысты анықтау үшін ГЛОНАСС жүйесінің навигациялық спутниктері беретін дабыл;

"ГЛОНАСС жүйесінің жоғары дәлдікті дабылы" - ГЛОНАСС жүйесінің навигациялық спутниктері шектеулі қолжетімділік кодын пайдалана отырып орналасқан жердің 3 координатын, жылдамдық векторының 3 құрастырушысын және уақытты жоғары дәлдікпен анықтау мақсатында беретін дабыл;

"тұтынушылардың навигациялық аппаратуrasesы" - тұтынушы орналасқан жердің 3 координатын, жылдамдық пен уақыттық 3 құраушы векторын анықтау мақсатында ГЛОНАСС жүйесінің, басқа ғаламдық навигациялық спутниктік жүйелер мен олардың функционалдық қосымшаларының стандарттық дәлдікті навигациялық дабылдарын қабылдау және өндeуге арналған аппаратура;

"функционалдық қосымшалар" - тұтынушыларға қосымша (ғаламдық навигациялық спутниктік жүйелер стандартты көрсететін қызметтерге қатысты) қызметтер көрсету үшін жерүсті және ғарыштық тіректену жүйелері;

"ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшасының спутниктік жүйесі" - қызметтер көрсету аймақтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумақтарын қамтитын геостационарлық спутниктер кіретін функционалдық қосымшасының спутниктік жүйесі үшін пайдаланылатын пайдалы

қосымша;

"ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшасының спутниктік жүйесінің пайдалы жүкtemесі" - жиілік иеленулері Халықаралық электр байланысы одағында тіркелген, геостационарлық спутниктерде орналасқан, ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшасының спутниктік жүйесі үшін пайдаланылатын пайдалы жүкте месі;

"ГЛОНАСС жүйесінің навигациялық дабылдарына үздіксіз, ғаламдық және шектеусіз негіздегі қолжетімділік" - берілген сипаттамалармен ГЛОНАСС жүйесінің стандартты дәлдікті навигациялық дабылдарын тұтынушылардың навигациялық аппаратуrasesын пайдалана отырып, Жерүстінің және жер маңындағы кеңістіктің (2000 км-ге дейінгі жоғарылықта) кез келген нүктесінде дабылдарды қатқылданырмай немесе сөндірмей үздіксіз уақытта қабылдау мүмкіндігі;

"ГЛОНАСС жүйесінің жерүсті инфракұрылымы мен жерүсті функционалдық қосымшалары" - ГЛОНАСС жүйесін пайдалануға мүмкіндік беретін, тұтынушылардың навигациялық аппаратуrasesының негізінде құрылған желілер мен жүйелер.

2-бап

Мақсаттар

Осы Келісімнің мақсаты ГЛОНАСС жүйесін және тиісті спутниктік навигациялық технологияларды пайдаланумен және дамытумен байланысты бірлескен қызметтің нақты салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін тиісті ұйымдық және құқықтық негіз құру болып табылады, атап айтқанда, мыналар арқылы:

1) қазақстандық жерусті инфрақұрылымын, ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшаларын және тұтынушылардың навигациялық аппаратурасын құру бойынша жұмыстар жүргізу саласында ынтымақтастықты регламенттеу;

2) спутниктік навигацияны пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулердегі ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау;

3) спутниктік навигация саласындағы материалдармен, жабдықпен және тиісті технологиялармен алмасу кезінде өзара жәрдем көрсету;

4) осы Келісім шеңберіндегі қызметті іске асыру жөнінде келісім-шарттар жасасу үшін жағдайлар жасау.

3-бап

Құқықтық негіз

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын сақтаған кезде және Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысуышы болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін зиянсыз жүзеге асырылады.

4-бап

Уәкілетті органдар және тағайындалған ұйымдар

1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар):

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі,

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі мен
Корғаныс мінистрлігі.

Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уәкілетті органдарды ауыстыру және (немесе) қосымша тағайындау туралы бірін-бірі жазбаша түрде дереу хабардар етеді.

2. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес уәкілетті органдар осы Келісім шеңберіндегі қызметтердің мамандандырылған түрлерін жүзеге асыру үшін өз мемлекеттерінің ұйымдарын (бұдан әрі - тағайындалған ұйымдар) тартады.

5-бап

Ынтымақтастық салалары

Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы навигациялық дабылдар тұтынушыларына ГЛОНАСС жүйесін пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қазақстандық жерүсті инфрақұрылымын және ГЛОНАСС жүйесінің жерүсті функционалдық қосымшаларын құру;

2) ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшасының қазақстандық спутниктік жүйесін құру мақсатында пайдалы жүктеме құру және оны геостационарлық спутниктерге орналастыру;

3) ГЛОНАСС жүйесінің, басқа да навигациялық спутниктік жүйелер мен олардың функционалдық қосымшаларының стандарттық дәлдігі дабылдары бойынша жұмыс істейтін, тұтынушылардың навигациялық аппаратурасын құру.

Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастықтың басқа салалары Тараптардың өзара келісімі бойынша қажет болған жағдайда белгіленетін болады.

6-бап

Ынтымақтастық нысандары

1. Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) ғылыми және техникалық ақпаратпен, эксперименттік деректермен, тәжірибелік-конструкторлық жұмыс нәтижелерімен, материалдармен, жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен өзара алмасу;

2) кадрларды даярлау және оқыту, ғалымдармен, техникалық және өзге де мамандармен алмасу жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

3) симпозиумдар, конференциялар және көрмелер өткізу;

4) навигациялық спутниктік жүйелерді пайдалану саласындағы коммерциялық жобаларға қатысты қызметті қоса алғанда, навигациялық жабдық пен қызметтер көрсетудің халықаралық нарығындағы ынтымақтастықтың және бірлескен қызметтің әр алудан нысандарын дамыту;

5) мамандандырылған техникалық жәрдем үсіну.

2. Ынтымақтастықтың нақты бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асырудың үйымдық, қаржылық, құқықтық және техникалық жағдайлары уәкілетті органдар және (немесе) тағайындалған үйымдар арасындағы жекелеген келісімдердің (келісім-шарттар) мазмұнын құрайды.

3. Уәкілетті органдар және (немесе) тағайындалған үйымдар осы Келісім шенберіндегі бағдарламалар мен қызметтің нақты түрлерін жүзеге асыру үшін жұмыс

топтарын өзара уағдаластық бойынша қажеттілігіне қарай құра алады.

4. Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастықтың басқа нысандары Тараптардың өзара келісімі бойынша қажет болған жағдайда белгілене алады.

7-бап

Қаржыландыру

1. Осы Келісім шенберінде жүргізілетін қызметті қаржыландыруды Тараптар өз мемлекеттерінің бюджеттік реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес және осы мақсаттарға бөлінген қаражаттың болуына байланысты жүзеге асырады.

2. Бюджеттік қаржыландырудан артық не мемлекеттік бағдарламалардан тыс осы Келісім шенберінде жүргізілетін қызметті қаржыландыруды тағайындалған ұйымдар жүзеге асырады және осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында көзделген тиісті келісімдермен (келісім-шарттармен) белгіленеді.

3. Осы бапта еш нәрсе, осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын ынтымақтастықты бюджеттік қаржыландыру жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін қосымша міндеттемелер туғызатын ретінде түсіндірілмейді.

4. Тараптар осы Келісім шенберінде жасалған келісім-шарттардан туындастын қаржылық міндеттемелерге жауапты емес.

8-бап

Мұлікті сақтау және технологияларды қорғау жөніндегі шаралар

1. Әр Тарап осы Келісім шенберіндегі қызметті жүзеге асыру мақсатында өз мемлекетінің аумағындағы басқа Тараптың, уәкілетті органдары мен тағайындалған ұйымдарының мүлкін құқықтық және жеке қорғауға байланысты мұдделерін сақтауды қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісім шенберіндегі бірлескен қызметтің нақты түрлерін жүзеге асыру кезінде мұлікті құқықтық және жеке қорғау және технологияларға, ақпараттарға және жабдықтарға қол жеткізуді бақылау жөніндегі шараларды Тараптар ғарыш қеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеудегі және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы жекелеген келісімде (бұдан әрі - ынтымақтастық туралы келісім) белгілейді.

9-бап

Құқықтық өкілеттік (Занды құзыры) және бақылау

1. ГЛОНАСС жүйесі Ресей Федерациясының занды құзырында және басқаруында б о л а д ы .

2. Ресей Тарапы ГЛОНАСС жүйесінің қызметін қамтамасыз ету үшін бөлінген радиожиілік спектріне арналған барлық құқықтарын сақтап қалады.

3. ГЛОНАСС жүйесінің функционалдық қосымшасының қазақстандық спутниктік жүйесі, ГЛОНАСС жүйесінің жерусті инфракұрылымы мен жерусті функционалдық қосымшасы Қазақстан Республикасының занды құзырында және басқаруында болады.

10-бап

Ерекше үағдаластықтар

1. Осы Келісімнің қолданылу мерзімінде Ресей тарапы ГЛОНАСС жүйесінің ағымдағы мүмкіндіктеріне сәйкес ұзіліссіз, ғаламдық және шектеусіз негізде ГЛОНАСС жүйесінің стандарттық дәлдігінің навигациялық дабылдарына Қазақстан тарапының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2. Ресей Тарапы осы Келісімнің қолданылу мерзімінде ГЛОНАСС жүйесінің стандарттық дәлдік дабылдарын қамтамасыз ететін орналасқан жерін анықтау дәлдігін төмендетпейді.

3. ГЛОНАСС жүйесінің жоғары дәлдікті дабылын пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әскери-техникалық ынтымақтастығы саласына жатады және Тараптар арасындағы жекелеген келісімнің мазмұны болып табылады.

11-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар бойынша алынған күннен бастап, бірақ ынтымақтастық туралы келісімнің күшіне ену күнін кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім он жыл ішінде, көрсетілген кезеңде ынтымақтастық туралы келісім қолданылғанда ғана қолданылады. Бұл ретте осы Келісім, егер Тараптардың бірде бірі бастапқы мерзім немесе кез келген келесі бес жылдық мерзім аяқталардан кем дегенде бір жыл бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны екінші Тарапқа жолдамаса, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

3. Осы Келісімнің қолданылуы ынтымақтастық туралы келісімнің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап тоқтатылады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген тәртіппен осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісім шенберінде жүзеге асырылатын аяқталмаған бағдарламалар мен жобалардың орындалуына әсер етпейді. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісім шенберінде оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін туындаған шарттық міндеттемелерді бір жақты тәртіппен қайта қаруа немесе сақтамау үшін құқықтық негіз болып табылмайды.

2008 жылғы 22 мамырда Астана қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі данада

жасалды, екі мәтіннің де күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК